



Тағлимова Наталья Айтмұханбетқызы

Еңбек пәнінің мұғалімі, өндірістік оқыту шебері

Жалпы мәлімет

Тағлимова Наталья Айтмұханбетқызы 1958 жылғы 11 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы, Каменка ауылында дүниеге келген.

1975 жылы Шарбақты орта мектебін тәмамдаған. Мектеп бітіргеннен кейін Павлодар қаласындағы училищеге түсіп, тігінші-пішуші мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолы

Еңбек жолын Аққулы ауданында сырт киім пішуші болып бастаған.

1982 жылы тұрмысқа шығуына байланысты Майқайың тігін цехына ауысып, өз мамандығы бойынша еңбек қызметін жалғастырған.

1989 жылы еңбек пәнінің мұғалімі қызметіне қабылданып, сол жылы Павлодар педагогикалық колледжіне оқуға түсіп, педагогикалық білім алған.

2000 жылы отбасылық жағдайына байланысты Шарбақты ауылына қоныс аударып, еңбек пәнінің мұғалімі және өндірістік оқыту шебері ретінде ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етті.

Кәсіби қызметінің нәтижесі

Педагогикалық қызметінде оқушыларға еңбекке баулу, шығармашылық қабілеттерін дамыту, кәсіби бағдар беру бағытында жүйелі жұмыс жүргізді.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, шәкірттеріне сапалы білім мен тәлім-тәрбие беруге үлес қосты.

2016–2017 оқу жылында зейнеткерлікке шығуына байланысты еңбек жолын аяқтады.